

## СИЛЛАБУС

2023-2024 оқу жылының күзгі семестрі

«6B01701 – қазақ тілі және әдебиеті, 6B01704 – шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасы

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
Жас ерекшелік психологиясы	БӨЖсаны 7	15	30		5	ОБӨЖсаны 6
<b>ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ</b>						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн	Теориялық (ПД)	Шолу дәрісі, проблемалық дәріс, дәріс-консультация, дәріс-әңгіме, дәріс-диалог	Семинар-пікірталас, мәселелік семинар, дөңгелек үстел әдісі, нақты жағдаятты талдау әдісі, пікірталас	Жазбаша емтихан		
Дәріскер	Қалымбетова Э.К. психология ғылымдарының кандидаты, доцент					
e-mail:	elmira.kalymbetova@mail.ru					
Телефоны:	+7 701 297 70 10					
<b>ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ</b>						
Пәннің мақсаты болашақ мамандардың ғылыми ой-өрісін кеңейтуге, психологиялық іс-әрекетке дайындығының теориялық сапасын жоғарылатуға, балалардың жас ерекшелік дамуының заңдылықтарын, теориялық және тәжірибелік білімдерін қалыптастыруға бағытталған. Студенттерге	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*	ОН қолжеткізу индикаторлары (ЖИ)				
	ОН 1: Қазіргі ғылымдар жүйесінде даму психологиясының алатын орны, пәні мен ерекшеліктерін түсіндіру. ОН 2: Даму психологиясының теориялық, практикалық мәселелері жайында. Тұлғаның даму теорияларын зерттеу негізінде психикалық дамудың заңдылықтары туралы теориялық білімдерін қалыптастыру. ОН 3: Психологиядағы жас периодизациясы мәселесі және балалар психологиясының қалыптасуы негізінде тұлғаның «психологиялық портретін» түсіндіру және сараптау; ОН 4: Бала психологиясының	ЖИ 1.1 Даму психологиясы ғылымдарының құрылымын және оның басқа ғылымдармен байланысын анықтау. ЖИ 1.2 Даму психологиясы зерттеу әдістерін түсіндіре отырып, олардың мүмкіндіктері мен шектеуліктерін жүйелі негізде бере алуға; ЖИ 1.3 қазіргі психологиядағы адам туралы жүйелік түсініктермен таныстыру; ЖИ 1.4 Қазақстан психологиясының ғылыми мектебінің өкілдерін атау; ЖИ 2.1 жас кезеңдеріндегі тұлғалардың психикалық дамуларындағы индивидуалды айырмашылықтарды теориялық меңгере отырып қажеттіліктер				

<p>онтогенездегі тұлғаның психикалық даму ерекшеліктерін, тұлғаның әрбір даму кезеңдеріндегі психикалық даму заңдылықтары жайлы білімдерін, ғылыми түсініктерін қалыптастыру</p>	<p>дамуындағы биогенетикалық және социогенетикалық бағыттарын зерттеу үшін психодиагностикалық әдстерді қолдану; ОН5 Тұлғааралық қарым-қатынастың жастық ерекшеліктерін талдау арқылы қартаюдың биологиялық, әлеуметтік критериялары мен факторларын психотехнологияларды пайдалану модельдеріне психологиялық бағдарлама құрастыру;</p>	<p>пирамидасын және әртүрлі құрылымдық сызбасын келтіру; ЖИ 2.2 жас сатыларындағы психикалық және физикалық даму ерекшеліктерінің арасындағы өзара байланысты анықтау; ЖИ 3.1 бала психологиясының дамуындағы негізгі бағыттарды зерттеген психологиялық теорияларды игеру; ЖИ 3.2 дамудың табиғи алғышарттары ықпалын анықтау; ЖИ 3.3 психологиядағы жас периодизациясы мәселесі және балалар психологиясының қалыптасуы негізінде тұлғаның психологиялық портрет туралы білімдерді меңгеру; ЖИ 3.4 әр түрлі жағдайларда зерттеудің әлеуметтік-психологиялық әдістері мен әсер ету тәсілдерін қолдана білу; ЖИ 4.1 – психологиялық денсаулықтың тұлғалық дамудағы рөлін анықтау; ЖИ 4.2 биогенетикалық және социогенетикалық бағыттарының өзара байланысын талдау; ЖИ 4.3 биогенетикалық және социогенетикалық бағыттарын зерттейтін психодиагностикалық әдістердің тиімділігін ажырату; ЖИ 5.1 – тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы негізінде психотехнологияларды игеру; ЖИ 5.2 тұлғалық дамудағы қарым-қатынас пен психотехнологиялардың айырмашылығын меңгеру; ЖИ 5.3 қартаюдың биологиялық, әлеуметтік критериялары мен факторларын пайдалану модельдеріне мысалдар келтіру ЖИ 5.4 психологиялық білімдерді практикада қолдануда өз ойын, әрекетін басқару және тапсырмаларды орындауда зерттеушілік дағдыларын көрсете білу;</p>
<p><b>Пререквизиттер</b></p>	<p>ОР1202 Жалпы психология PR 2212 Даму психологиясы</p>	
<p><b>Постреквизиттер</b></p>	<p>ОРК3302 Психологиялық кеңес беру психологиясы</p>	
<p><b>Оқу ресурстары</b></p>	<p><b>Негізгі:</b> 1. Жақыпов С.М. Жалпы психологияға кіріспе. – Алматы, Қазақ университеті 2014. 2. Намазбаева, Ж.Ы. Жалпы психология: оқулық/ - Алматы: Абай атын.</p>	

	<p>ҚазҰПУ, 2015.- 294.</p> <p>3. Жарықбаев, Қ. Жантануға кіріспе. - Алматы: "ИНФОРМ - АРНА", 2019.- 187.</p> <p>4. ұбаназарова Н.С. Жас ерекшелік психологиясы. Оқулық. МОН РК «Қазақ университеті» 2014ж.</p> <p>5. Ильин Е.П. Психология общения и межличностных отношений – СПб.: Издательский дом Питер, 2014. – 576 с.</p> <p>6. Лисина М.И. Проблемы онтогенеза общения. М., 2011</p> <p>7. Э. Берн Игры, в которые играют люди. Люди, которые играют в игры. 2016 – 576 с.</p> <p>8. Обухова Л.Ф. Детская психология. М., 2010</p> <p>9. Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. М.,2011.</p> <p>10. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. - М., 2010.</p> <p>11. Выготский Л.С.// Собр.соч.: в 6 т. М.,2008 Т.4</p> <p>12. Обухова Л.Ф. Детская психология. М., 2010</p> <p>13. Эльконин Д.Б. Избранные психологические труды. М.,2009.</p> <p>14. О.Б.Дарвиш Возрастная психология. М, 2008 г.</p> <p>15. Божович Л.И. Проблемы формирования личности. М., 2008</p> <p>16. 2. Гальперин П.Я., Запорожец А.В., Карпова С.Н. Актуальные проблемы возрастной психологии. 2008.</p> <p><b>Интернет-ресурстар:</b></p> <p>1.<a href="http://www.psychology.ru">http://www.psychology.ru</a></p> <p>2.<a href="http://www.flogiston.ru">http://www.flogiston.ru</a></p> <p>3.<a href="http://www.colorado.edu/VCRsearch/integrity/humanresearch/CITI.htm">http://www.colorado.edu/VCRsearch/integrity/humanresearch/CITI.htm</a></p> <p>4.CyberBear (<a href="http://cyberbear.umt.edu">http://cyberbear.umt.edu</a>)</p> <p>5. <a href="http://www.umt.edu/psych/">http://www.umt.edu/psych/</a>)</p>
<p><b>Пәннің академиялық саясаты</b></p>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қол жетімді.</p> <p><b>Ғылым мен білімнің интеграциясы.</b> Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған Университеттің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық</p>

сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді.

**Сабакка қатысуы.** Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

**Академиялық адалдық.** Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.

**Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.** Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Әртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.

Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон/e-mail \*\*zhubanazarova@mail.ru немесе MS Teams-тегі бейне байланыс арқылы кеңестік көмек ала алады.

**МООС интеграциясы (massive openline course).** МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.

**Назар салыңыз!** Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.

### БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі			Бағалау әдістері
Б	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға
А	4,0	95-100	
А-	3,67	90-94	
В+	3,33	85-89	Жақсы
<p><b>Критериалды бағалау</b> – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қолжеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. <b>Формативті бағалау</b> – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге</p>			

				<p>көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады.</p> <p><b>Жиынтық бағалау</b> – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқунәтижелерібағаланады.</p>	
B	3,0	80-84		<p><b>Формативті және жиынтық бағалау</b> Оқытушы бағалаудың өз түрлерін енгізеді немесе ұсынылған нұсқаны қолданады</p>	<p><b>% мәндегі баллдар</b> Оқытушы өзінің баллдарға бөлуін күнтізбеге (кестеге) сәйкес пункттерге енгізеді. <u>Емтихан және пән бойынша қорытынды балл өзгермейді.</u></p>
B-	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік	5
C	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі	20
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы	25
C-	1,67	60-64		Жобалық және шығармашылық қызметі	10
D	1,33	55-59		Қорытынды бақылау (емтихан)	40
D	1,0	50-54			
F	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз	<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>	100
F	0	0-24			

**Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері**

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Ма кс. бал л
1	2	3	4
	<b>Модуль 1. Жас ерекшелік психологиясына кіріспе</b>		
1	<b>Дәріс 1.</b> Жас ерекшелік психологиясы ғылымының пәні, мақсаты және міндеттері мен әдістер. Жас ерекшелік психологиясы ғылымының даму тарихына концептуалды шолу.	1	1
	<b>Семинар 1.</b> «Жастық даму психологиясы» түсініктерінің арақатынасы. Бала мінез-құлқы мен психикасының эволюциялық,	2	7

	революциялық және ситуациялық жастық өзгерістері. Жас ерекшелік психологиясының теориялық және практикалық міндеттері. Қазіргі жас ерекшелік психологиясының мәселелері. Жас ерекшелік психологиясының әдістері және олардың мінездемесі (бақылау, эксперимент, диагностикалық әдіс, егіздер әдісі, лонгитюдтік әдіс, көлденең кесу). Жас ерекшелік психологиясының негізгі категориялары (жас, периодизация, даму және т.б.)		
	<b>Сенбі 23.00 – дәріс, семинар тапсырманы тапсыру ДЕДЛАЙНЫ</b>		
2	<b>Дәріс 2.</b> Жас ерекшелік психологиясының теориялық, практикалық мәселелері жайында. Тұлғаның даму теориялары. Психикалық дамудың заңдылықтары.	1	1
	<b>Семинар 2.</b> Бала дамуының генотиптік және ортаға шарттылығы. Л.С. Выготский бойынша жоғары психикалық функциялардың мәдени-тарихи даму теориясы. Психикалық дамудың жылжымалы күштері және қайнар көздері. Дамудың табиғи алғышарттары. Психикалық дамуда тәрбиелеу мен оқытудың басты рөлі. Сензитивтік кезеңнің және жетекші іс-әрекеттің әлеуметтік жағдайының даму түсінігі. Бала психологиясының дамуындағы негізгі бағыттар. Қазақстан, Ресей, шетел ғалымдарының еңбектеріне шолу.	2	7
	<b>БӨЖ 1. БӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру.</b> Практикалық тапсырма: тақырыптар бойынша баяндама-презентациялар дайындау: • Іс-әрекетпен қарым-қатынастың баланың психикалық дамуындағы рөлі. Даму психологиясы бойынша зерттеу әдістерінің психологиялық кестесін жасаңыз. Балалар психологиясының қалыптасуындағы Ж.Ж. Руссо идеяларының мәні		15
	<b>Сенбі 23.00 –тапсырманы тапсыру ДЕДЛАЙНЫ</b>		
<b>II Модуль . Жас ерекшелік психологиясының теориялық, әдіснамалық және қолданбалы аспектілері.</b>			
3	<b>Дәріс 3.</b> Психологиядағы жас периодизациясы мәселесі. Э. Эриксонның тұлға дамуының эпигенетикалық теориясы мен 8 сатысын талдау	1	1
	<b>Семинар 3.</b> Л.С.Выготскийдің жұмыс тарындағы периодизация мәселесі. "Жас дамуының әлеуметтік жағдайы" ұғымдары. Баланың психикалық дамуындағы дағдарыстардың мәнін түсіну. Жетекші іс-әрекет түсінігі. Жетекші іс -әрекет және жастағы негізгі психологиялық жаңа құрылулар. Онтогенездегі жетекші іс -әрекеттердің ауысуы. Жас кезеңдері және бала дамуының дәуірлері. Шетелдік периодизация теорияларына сынды талдау (А.Гезелл,С.Холл,К.Бюлер, Ш.Бюлер, А.Валлон, Ж.Пиаже). Қазақстан халықтарындағы ересек адамның индивидуалды даму периодизациясының өзіндік мәселелері.	2	7
	<b>БӨЖ 1.Жобаға бағдарланған бағыт:</b> Тапсырманы тапсыру. Авторлық презентация жасау: 1.Жас кезеңдері және бала дамуының дәуірлері. Шетелдік периодизация теорияларына сынды талдау (А.Гезелл,С.Холл,К.Бюлер, Ш.Бюлер, А.Валлон, Ж.Пиаже). Қазақстан халықтарындағы ересек адамның		15

	индивидуалды даму периодизациясының өзіндік мәселелері. – презентация жасау: Индивидуалды жобаларын қорғау. <i>реферат дайындау</i>		
<b>Сенбі 23.00 –тапсырманы тапсыру ДЕДЛАЙНЫ</b>			
4	<b>Дәріс 4.</b> Тұлғаның онтогенездегі психикалық дамуы мен қалыптасуы. Бала психологиясының дамуындағы биогенетикалық және социогенетикалық бағыттар.	1	1
	<b>Семинар 4.</b> Психика мен мінез-құлықтың туа берілетін формалары. Нәрестенің рефлекторлы, генетикалық шарттанған қимылдары. Өмірге келгеннен кейінгі негізгі сезім органдарының – көру, есту, сипап сезу, қозғалыс анализаторларының, дәм рецепторларының автоматты түрде қосылуы. Нәрестелік кезеңдегі бала миының қызмет етуінің анатомиялық-физиологиялық сипаты. Баланың қозғалыс белсенділігі. Нәрестелік шақтағы қабылдау мен есте процестерінің ерекшеліктері. Нәрестелік шақтағы сөйлеу мен ойлау ерекшеліктері. Психика мен мінез-құлықтың туа берілетін формалары.	2	7
<b>Сенбі 23.00 – тапсырманы тапсыру ДЕДЛАЙНЫ</b>			
5	<b>Дәріс 5.</b> Нәрестелік кезең ( 0-1 жас). Нәрестелердің қабылдау мен ес, сөйлеу және ойлау процестерінің дамуы. Нәрестелік кезең. Пренаталды даму, «жадырау» комплексі. Рекапитуляция концепциясы (Ст. Холл). Рекапитуляция теориясын сынау (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн).	1	1
	<b>Семинар 5.</b> Әртүрлі жас сатыларындағы психикалық және физикалық даму ерекшеліктері Жадырау комплексі. Есту анализаторының дамуы. Нәрестенің адам дауысына реакциясы.Нәрестенің алғашқы айлардағы есте сақтауы. Қолдың манипуляциялық қимылдарының жетілуі. Ж. Пиаже бойынша нәрестелердің сенсомоторлы әрекет етудің даму сатыларының классификациясы. Бір жасқа дейінгі сөйлеу мен ойлаудың тәуелсіз дамуы. Еліктеу және сөзді тусіну.	2	7
	<b>БӨЖ 2 . Баяндамалар мен сұрақтарды талқылау:</b> 1. Баланың психикалық дамуы үшін сенсорлық процестерді мақсатты сәйкесті қалыптастырудың мәні (А.В.Запорожец, В.П.Зинченко, Л.А.Венгер). 2. Шетелдік психологиялық концепциялардағы психикалық даму мәселелері. Рекапитуляция ұғымы (С.Холл, Д.Болдуин). <i>.Зерттеу нәтижелерін кесте және мақала түрінде ұсыныңыз.</i>		14
<b>III-Модуль. Жас ерекшелік психологиясындағы кезеңдену мәселесі</b>			
6	<b>Дәріс 6.</b> Ерте балалық шақ (1-3 жас). Л.С.Выготский бойынша 3 жас дағдарысының сипаттамасы.Бала дамуындағы орта мен үйрету мәселесі. Классикалық ассоцианизм (Дж. Локк, Д. Гартли).Үйрену мен даму заңдары.	1	1
	<b>Семинар 6.</b> Генетикалық және конвергенция теориясы. Л.С.Выготскийдің жоғарғы психикалық функцияларды дамыту теориясы. Генетикалық және конвергенция теориясы. Л.С.Выготскийдің жоғарғы психикалық функцияларды дамыту теориясы. "Ұлттық мінез" ұғымы. Генетикалық және конвергенция теориясы. Л.С.Выготскийдің жоғарғы психикалық функцияларды дамыту теориясы. Генетикалық және конвергенция теориясы. Л.С.Выготскийдің жоғарғы психикалық функцияларды дамыту теориясы. "Ұлттық мінез" ұғымы.	2	7


7	<p><b>Дәріс 7.</b> Мектепке дейінгі бала психикасының дамуы. Жеті жастағы дағдарыс ұғымы. В. Штерннің екі фактордың конвергенциясы теориясы.</p>	1	1
	<p><b>Семинар 7.</b> Шетелдік психологиялық концепциялардағы психикалық даму мәселелері. Рекапитуляция ұғымы (С.Холл, Д.Болдуин). Іс-әрекеттің әр түрлі формаларының және мектепке дейінгілердің ересектермен, құрбыларымен қарым-қатынас формаларының даму ерекшеліктері. Мектепке дейінгілердегі психикалық процестердің дамуының негізгі заңдылықтары. Баланың психикалық дамуы үшін сенсорлық процестерді мақсатты сәйкесті қалыптастырудың мәні (А.В.Запорожец, В.П.Зинченко, Л.А.Венгер).</p>	2	7
<b>АБ 1</b>			<b>100</b>
8	<p><b>Дәріс 8.</b> Мектепке дейінгі балалардың танымдық процестерінің дамуы. Бала дамуындағы ойынның рөлі (Штерн, Адлер, Д.Эльконин).</p>	1	1
	<p><b>Семинар 8.</b> Сөздік және грамматикалық сөздің дамуы; сөз функцияларының дамуы. Эмоция-ерік сферасының дамуы. Мінездің, қабілеттердің қалыптасуы. Баланы мектептегі жүйелі оқытуға дайындау (Е.Е.Кравцова). Дайындық түрлері, олардың сипаттамалары.</p>	2	6
9	<p><b>Дәріс 9.</b> Бастауыш мектеп жасындағы баланың ақыл-ойы мен мінез-құлқының дамуы. Әрбір жас сатысындағы психикалық даму ерекшеліктері</p>	1	1
	<p>1. <b>Семинар 9.</b> Мектепке келудің алғашқы кездерінде кездесетін қиындықтар. Баланың мектепке оңай бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық тәсілдері.</p> <p>2. Оқу іс-әрекеті кіші мектептегілердің жетекші іс-әрекеті ретінде. Оқу іс-әрекетінің жалпы құрылымы, қалыптастыру заңдылықтары. Мектептегі алғашқы теориялық ойлаудың қалыптасуы (Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов).</p> <p>3. Ақыл-ой әрекеті мен ұғымдарды сатылап қалыптастыру (П.Я.Гальперин).</p> <p>Бастауыш мектеп жасындағы баланың психикалық процестерінің дамуының негізгі заңдылықтары. Кіші мектептегілердің сөзінің дамуы. Сөзді ұғыну мәселесі, оның элементтері, формалары, оқытудың әртүрлі вариантындағы функциялары (Д.Б.Эльконин, А.К.Маркова, С.Н.Карпова)..</p>	2	6
	<p><b>БӨЖ 3</b> Тақырып бойынша баяндама:  <i>Мәселеге бағдарланған жоба. даярлау. № 1</i> Бала дамуындағы ойынның рөлі (Штерн, Адлер, Д.Эльконин) Ойынның басқа іс-әрекеттерден ерекшелігі. Баланың мектепке психологиялық дайындық мәселесі. Шетел, Ресей, Қазақстан бойынша толық қарастыру. Презентация жасаңыз. <i>Мәселеге бағдарланған жоба. даярлау. № 1</i> Бала дамуындағы ойынның рөлі (Штерн, Адлер, Д.Эльконин) Ойынның басқа іс-әрекеттерден ерекшелігі. Баланың мектепке психологиялық дайындық мәселесі. Шетел, Ресей, Қазақстан бойынша толық қарастыру. Презентация жасаңыз.</p>		15
	<b>Сенбі 23.00 – тапсырманы тапсыру ДЕДЛАЙНЫ</b>		
	<p><b>Дәріс 10.</b> Жасөспірімдік кезеңнің сипаттамасы. Жасөспірім жасындағы жетекші іс-әрекет. Құрбылар ұжымы және ондағы өзара әрекет қоғамның ересек мүшелерінің қатынастарын</p>	1	1



	модельдеуі ретінде.		
10	<b>Семинар 10.</b> Жасөспірім жасының дағдарысы мәселесін шетел және кеңес психологиясында зерттеу. Құрбылар ұжымы және ондағы өз ара әрекет қоғамның ересек мүшелерінің қатынастарын модельдеуі ретінде. Жасөспірімнің оқу іс-әрекеті. Танымдық, қоғамдық қызығулардың, мінез құлық мотивінің қалыптасуы. Оқу әрекетіне таңдамалы қатынас. Кәсіби бағдарлану мәселесі. Еңбек іс әрекеті, оның жас өспірімнің жеке басының қалыптасуындағы ролі.	2	6
	<b>БӨӨЖ 4.</b> Коллоквиум <i>Тапсырманы тапсыру – Жағдайға бағдарланған бағыт.</i> Баланың мектепке оңай бейімделуінің әлеуметтік-психологиялық тәсілдері. Мектептегі алғашқы теориялық ойлаудың қалыптасуы (Д.Б.Эльконин, В.В.Давыдов). Ақыл -ой әрекеті мен ұғымдарды сатылап қалыптастыру (П.Я.Гальперин). <i>презентация жасаңыз.-индивидуалды жоба қорғау</i>		15
	<b>Сенбі 23.00 – тапсырманы тапсыру ДЕДЛАЙНЫ</b>		
11	<b>Дәріс 11.</b> Мектепке дейінгі балалардың танымдық процестерінің дамуы. Баланың жаңа іс-әрекетке қосылуы (тазалық, оқу мен еңбектің элементтері).	1	1
	<b>Семинар 11</b> Жасөспірім кезеңнен ерте жастық шаққа өту, оны шетел және кеңес психологиясында зерттеу. Мамандық таңдаудың психологиялық ерекшеліктері. Ерте жастық шақтағы оқу іс-әрекеті. Қоғамдық өмірдегі қажеттіліктердің дамуы, жасөспірімдердің қоғамдық ұйымдарға қатысу формалары. Эмоциялық ерекшеліктері. Мотивтері мен құндылық бағдарланулары. Творчестволық белсенділіктің дамуы өзін көрсету қажеттілігі ретінде	2	6
12	<b>Дәріс 12.</b> Ерте жастық шақ психологиясы Жасөспірім кезеңнен ерте жастық шаққа өту, оны шетел және кеңес психологиясында зерттеу. Жетекші іс-әрекет мәселесі.	1	1
	<b>Семинар 12.</b> Мектептегі алғашқы теориялық ойлаудың қалыптасуы (Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов). И.П. Павлов пен Гиппократ бойынша темперамент және нерв жүйесінің типтері. Н.И. Красногорский бойынша темперамент сипаттамалары. Меланхолик, сангвиник, флегматик, холерик типтерінің сипаттамалары. Бала темпераментін іс-әрекеті мен мінез-құлқына қарап анықтау.	2	6
13	<b>Дәріс 13.</b> Тұлғааралық қарым-қатынастың жастық ерекшеліктері.Нәрестелік шақ пен ерте балалық шақтағы балалардың айналадағы адамдармен қарым-қатынасы. Балалар мен ересектердің алғашқы эмоциялық қарым-қатынастары, оның механизмдері.	1	1
	<b>Семинар 13</b> Балалар мен ересектердің алғашқы эмоциялық қарым-қатынастары, оның механизмдері. Топтық тәрбиелеудің қарым-қатынасты дамыту үшін дұрыс жақтары. Мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балалардың тұлғааралық қарым-қатынастары. Ойын негізгі іс-әрекет ретінде. Баладағы айналадағы адамдармен оң қарым-қатынас ортатуға деген қажеттілігі. Мектепке бару – қарым-қатынастың жаңа сатысының дамуы	2	6

	ретінде. Жасөспірімдердің өзара қарым-қатынасы. Ересектермен қарым-қатынастан құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға ауысу. Ерте жастық шақ кезеңіндегі адамдармен қарым-қатынас		
13	<b>БӨЖ 4 Тақырып бойынша реферат, презентация дайындау:</b> Бала темпераментін іс-әрекеті мен мінез-құлқына қарап анықтау тақырыбы бойынша баяндама жасаңыз. Шетел психологиясындағы ойын теорияларын сынды талдау (К.Гросс, Г.Спенсер, К.Бюлер, С.Холл, В.Штерн). Ойынның басқа іс-әрекеттерден ерекшеліктері		14
	<b>Сенбі 23.00 – тапсырманы тапсыру ДЕДЛАЙНЫ</b>		
14	<b>Дәріс 14.</b> Кемелдену жасы. Кемелденуге өтудің жалпы шарттары. Кемелдену кезеңінің әлеуметтік мәні. "Акме" және акмеология ұғымы.	1	1
	<b>Семинар 14</b> Әлеуметтік белсенділіктің ерекшеліктері. Кемелдену жасының периодизациясы. "Акме" және акмеология ұғымы. Ересектердің даму заңдылықтары. Кемелдену жасының дағдарысы.	2	6
	<b>БӨӨЖ 6. Коллоквиум</b>		
	<b>Сенбі 23.00 – тапсырманы тапсыру ДЕДЛАЙНЫ</b>		
15	<b>Дәріс 15.</b> Герантопсихология. Қартаю кезеңінің психологиялық сипаттамасы. Қартаюдың биологиялық, әлеуметтік критериялары мен факторлары.	1	1
	<b>Семинар 15</b> Қартаюдың биологиялық, әлеуметтік критериялары мен факторлары. Қарт адамның өмірінің әлеуметтік ситуациясы. Қартаю периодизациясы. Қарт адамдардың жаңа психологиялық құрылымдары. Қартаю жасындағы қарым-қатынас. Қартаюдағы жеке адам мәселесі. Ұзақ жасау мәселесі. Қартаю әлеуметтік мәселе ретінде.	2	6
	Тапсырманы тапсыру: 2 <i>Тақырыптар бойынша баяндама жасаңыз:</i> Кемелденуге өтудің жалпы шарттары. Кемелдену кезеңінің әлеуметтік мәні. "Акме" және акмеология ұғымы (реферат көлемі 10 бет). Обухова Л.Ф. «Детская психология» еңбегінен реферат жазу.		
	<b>БӨӨЖ 7.</b> Емтиханға дайындық мәселесі бойынша кеңес беру.		
<b>АБ 2</b>			<b>100</b>
	<b>Қорытынды бақылау (емтихан)</b>		<b>100</b>
	<b>Пән үшін жиынтығы</b>		<b>100</b>

Философия және саясаттану факультетінің деканы



Б.Б. Мейірбаев

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі, профессор

А.К. Мыңбаева

Дәріскер

Э.К. Қалымбетова